

**«БЕС ТҰК»  
БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ШАРТТАРЫ**

## **АНЫҚТАМАЛАР**

- HYUNDAI автокөлігі – Қазақстан Республикасының аумағындағы HYUNDAI ресми дилерлік орталықтары арқылы сатылған HYUNDAI маркалы жеңіл көлік құралы.
- HYUNDAI автокөлігінің иесі – Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес HYUNDAI автокөлігінің меншік иесі болып табылатын не осы HYUNDAI автокөлігіне қатысты иелену және/немесе пайдалану құқығы бар жеке тұлға.
- HYUNDAI автокөлігінің бірінші иесі – жаңа HYUNDAI автокөлігінің бірінші сатып алушысы (жеке тұлға).
- ТҚК немесе жоспарлы ТҚК - HYUNDAI автокөлігінің әр моделі үшін дайындаушы зауыт регламенттейтін HYUNDAI автокөлігіне техникалық қызмет көрсету.
- HYUNDAI ресми дилері - Қазақстан Республикасының аумағында HYUNDAI автокөліктеріне техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді ұсынатын ұйым. HYUNDAI ресми дилерлерінің тізімі <https://www.hyundai.com/kz> сайтында көрсетілген.
- HYUNDAI ресми сервистік орталығы - дайындаушы зауыттың стандарттарына сәйкес жабдықталған HYUNDAI ресми дилерінің HYUNDAI автокөліктеріне техникалық қызмет көрсету станциясы.
- Клиент – HYUNDAI автокөлігінің жоспарлы ТҚК жүргізу үшін HYUNDAI ресми сервистік орталығына жүгінген HYUNDAI автокөлігінің иесі.

## **БАҒДАРЛАМА СИПАТТАМАСЫ**

HYUNDAI автокөлігінің және оның компоненттерінің ақаусыз жұмыс істеуі, дұрыс жұмыс істеуі және тиісті түрде пайдаланылуы үшін Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың шарттарына сәйкес үнемі техникалық қызмет көрсету өткізу қажет.

Дайындаушы зауыттың регламентіне (бұдан әрі – «регламент») және HYUNDAI автокөлігін пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес HYUNDAI автокөлігінің жоспарлы ТҚК жүргізу әрбір 12 (он екі) ай сайын немесе әрбір 10 000 (он мың) километр жүріп өткен жол сайын (қайсысы бұрын басталатынына байланысты) жүзеге асырылады. Көрсетілген интервалдан үлкен немесе кіші жағына 1 (бір) ай немесе 1000 (бір мың) километр жүріп өткен жолға ауытқуға рұқсат етіледі.

«Бес ТҚК» бағдарламасы қайсысы бұрын басталатынына байланысты 10 000 (он мың) километр жүріп өткен жол немесе 12 (он екі) ай аралығымен ретімен 5 (бес) жоспарлы ТҚК қамтиды.

<b>№</b>	<b>Атауы</b>	<b>Жүріс (КМ)</b>	<b>Кезең (ай)</b>
1.	ТҚК-1	10 000 км.	12 ай
2.	ТҚК-2	20 000 км.	24 ай
3.	ТҚК-3	30 000 км.	36 ай
4.	ТҚК-4	40 000 км.	48 ай
5.	ТҚК-5	50 000 км.	60 ай

Орындалатын жұмыстардың, техникалық сұйықтықтардың, сүзгілердің, сондай-ақ «Бес ТҚК» бағдарламасы шеңберінде жоспарлы ТҚК жүргізу кезінде ауыстырылуға тиіс басқа да элементтердің тізбесі HYUNDAI ресми сайтында <https://hyundai.kz>, «Сервис» қойындысы - «ТҚК картасында» танысуға болатын дайындаушы зауыттың регламентімен қатаң айқындалады.

HYUNDAI автокөлігінің жоспарлы ТҚК регламентінде «Бес ТҚК» бағдарламасы шеңберінде 5 компонентті міндетті түрде ауыстыру көзделген:

- Мотор майын ауыстыру;
- Ауа сүзгісін ауыстыру;
- Салон сүзгісін ауыстыру;
- Май сүзгісін ауыстыру;
- Ағызу тығынының тығыздағышын ауыстыру;
- Тежегіш сұйықтығын ауыстыру (тек ТҚК-4 кезінде);
- Отын сүзгісін және отын жүйесінің ауа сүзгісін ауыстыру, бар болса (тек ТҚК-5 кезінде).

«Бес ТҚК» бағдарламасы 01.01.2022 жылдан бастап HYUNDAI ресми дилерлері арқылы жеке тұлғаларға сатылған барлық HYUNDAI жеңіл автокөліктеріне қолданылады.

«Бес ТҚК» **жеке тұлғалар** болып табылатын Клиенттерге ғана қолданылады;

Қазақстан Республикасындағы кез келген HYUNDAI ресми дилерінде Автокөлікті жоспарлы ТҚК өткізу HYUNDAI автокөлігін сатып алған күннен бастап алғашқы 5 (бес) жыл ішінде немесе Автокөліктің 50 000 (елу мың) километр белгісіне жеткен кезінен бастап HYUNDAI автокөлігінің Иесі үшін тегін болып табылады.

«Бес ТҚК» бағдарламасы HYUNDAI автокөлігіне бекітіледі, яғни HYUNDAI автокөлігінің VIN кодына тіркелген және HYUNDAI автокөлігінің иесі ауысқан жағдайда бағдарлама шеңберінде алдыңғы Иелері пайдаланбаған жоспарлы ТҚК өткізу құқығы HYUNDAI автокөлігінің жаңа/ағымдағы Иесіне өтеді. Бұл ретте «Бес ТҚК» бағдарламасының қолданылу мерзімі өзгеріссіз қалады: қайсысы бұрын болатынына байланысты, жаңа HYUNDAI автокөлігін бірінші сатып алушыға сатқан күннен бастап немесе HYUNDAI автокөлігі 50 000 (елу мың) километр жол жүріп өткенге дейін 5 (бес) жыл.

## **БАҒДАРЛАМАНЫҢ ШАРТТАРЫ**

- Осы бағдарлама шеңберінде жоспарлы ТҚК **тек қана** Қазақстан Республикасының аумағындағы HYUNDAI ресми сервистік орталықтарында өткізіледі.
- «Бес ТҚК» бағдарламасы шеңберінде өткізіп алған (орындалмаған) жоспарлы ТҚК (оның ішінде жоспарлы ТҚК өткізу аралығын сақтамау себебінен) жаңартылмайды және кез келген нысанда өтелуге жатпайды.
- HYUNDAI автокөлігінің иесі оған техникалық сұйықтықтарды, сүзгілерді, сондай-ақ жоспарлы ТҚК регламентіне сәйкес ауыстыруға жататын басқа элементтерді беруді, оның ішінде пайдаланылмаған жоспарлы ТҚК үшін өтемақы ретінде, сондай-ақ жоспарлы ТҚК-ны бейресми сервистік орталықтарда немесе өз бетінше жүргізуді талап етуге құқылы емес.
- HYUNDAI автокөлігінің иесі HYUNDAI ресми сервистік орталықтарында HYUNDAI жоспарлы ТҚК өткізуден бас тартқан жағдайда ақшалай немесе өзге түрде өтемақы талап етуге құқылы емес.
- HYUNDAI автокөлігінің иесі қосымша жұмыстарды жүргізуді, HYUNDAI автокөлігінің компоненттерін, қосалқы бөлшектерін өзгертуді немесе жоспарлы ТҚК регламентінде көрсетілмеген тегін негізде жұмыстардың өзге де түрлерін орындауды талап етуге құқылы емес.